

## Ертіс мыс балқыту зауытында қалыптасқан ахуалды қарау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 65-ө өкімі Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің "Шығыс Қазақстан облысының Глубокое кентіндегі Ертіс мыс балқыту зауытындағы жағдай туралы" 2003 жылғы 26 наурыздағы N 1788-II ПМ қаулысын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

### 1. Мынадай құрамда ведомствоаралық жұмыс тобы құрылсын:

Абайділдин	- Шығыс Қазақстан облысының
Талғатбек Жәмшітұлы	әкімі, жетекші
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының
Әбілғазы Қалиақпарұлы	Индустрия және сауда вице-министрі, жетекшінің орынбасары
Әбділдин	- Қазақстан Республикасының
Серікболсын Әбділдаұлы	Парламенті Мәжілісінің депутаты
(келісім бойынша)	
Шаекин	- Қазақстан Республикасының
Рауан Михайлович	Парламенті Мәжілісінің депутаты
(келісім бойынша)	
Егоров	- Қазақстан Республикасының
Виктор Николаевич	Парламенті Мәжілісінің депутаты
(келісім бойынша)	
Швайченко	- Шығыс Қазақстан облысы әкімінің
Юрий Петрович	орынбасары
Ысқақов	- Қазақстан Республикасының
Нұрлан Әбділдаұлы	Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Плотников	- Шығыс Қазақстан облысы
Сергей Викторович	Глубокое ауданының әкімі
Юн	- "Қазақмыс" корпорациясы" ашық
Руслан Борисович	акционерлік қоғамының бас
басқарушысы (келісім бойынша)	
Гусинский	- Қазақстан Республикасының
Александр Владимирович	Парламенті Сенатының

депутаты (келісім бойынша) <\*>

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.23. N 100 өкімімен .

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы бір ай мерзімде Ертіс мыс балқыту зауытында алмастырылатын өндірістерді ұйымдастыру мәселесі бойынша қалыптасқан ахуалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шығыс Қазақстан мыс кешенін құру туралы" 1999 жылғы 23 маусымдағы N 838 және "Шығыс Қазақстан мыс кешенін құру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 1161 қаулыларының орындалуын талдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныстар енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК